


| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 1 беті |

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР

| | |
|---------------------------------------|--|
| Пән: | Жалпы хирургия |
| Пәннің коды : | ZhH 3305 |
| ББ атауы: | 6B10115 «Медицина», 6B10116 «Педиатрия» |
| Оқу сағаттарының көлемі /кредит саны: | 90 сағат (3 кредит) |
| Курс және оқу семестрі: | 3 курс, V семестр |
| Тәжірибелік (семинар) сабақтар: | 24 сағат. |

Шымкент, 2024 ж.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 2 беті |


Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар «Жалпы хирургия» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 10^б 30.05.24 е

Кафедра меңгерушісі
 М.Ғ.К., доцент м.а.



Жумагулов К.Н.

| | | |
|--|--|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 3 беті |

1. №1 тақырып. Асептика

2. Мақсаты: Студенттердің қабылдау бөлімшесінің жұмыс принциптары және оның жабдықталу ұйымымен танысу. Хирургиялық бөлімше және операциялық блокта хирургиялық инфекциясымен күрес бойынша емдік және алдын алу шараларын кешенді қолдануға үйрету. Асептиканың негізгі әдістерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуге тиіс:

- Хирургиялық, қабылдау бөлімшесінің және операциялық бөлімнің ұйымдастыру жұмыстары құрылымы;
- Емханадағы хирург бөлмесінің жабдықталуы;
- Емдік-алдын алу мекемелердің негізгі атқарылатын жұмыстары;
- Аурухана ішілік инфекцияның таралуының алдын алу бұйрықтары;
- Асептика түсініктемесі;

Студент істей алуға тиіс:

- Құжаттарды ережеге сай толтыру;
- Генеральді жинастыруды;
- Операциядан кейінгі жараның іріндеуінің алдын алу;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

- Емдеу - алдын алу мекемелерінің жұмысының принциптері;
- Қабылдау және хирургия бөлімінің құрылымы, жұмысы;
- Операция бөлімінің және емханадағы хирург бөлмесінің жабдықталуы;
- Операция және хирургия бөлімінің санитарлы-эпидемиологиялық тәртібі;
- Инфекцияның ену жолдары және алдын алу шаралары;
- Зарарсыздандыру тәсілдері;
- Асептика даму тарихы;
- Жараны эндогенді инфекциялануын ескерту.

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Басқа да күтуге арналған заттармен жұмыс істеу, ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу.

7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген


8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)

1. Қандай емдеу-алдын алу мекемелер амбулатория және стационарға жатады?
2. Емдеу-алдын алу мекемелердің негізгі атқарылатын жұмыстары қандай?
3. Қабылдау бөлімінде қандай іс-шаралар жүргізіледі?
4. Хирургиялық бөлімшесінің құрылымына түсінік беріңіз?
5. Операциялық блоктың аймақтарын атаңыз.
6. емханадағы хирург бөлмесінде қандай іс-шаралар жүргізіледі?
7. Операция және хирургия бөлімінің санитарлы-эпидемиологиялық тәртібі туралы тісінік беріңіз.
8. Қандай инфекцияның ену жолдарын білесіз?
9. Инфекцияның енуінің алдын алуын түсіндіріңіз.


Тест сұрақтары:

1. Хирург қолын С-4 ерітіндісімен залалсыздандыру уақыты:

1. 1 мин.

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 4 беті |

2. 2 мин.
3. 3 мин.
4. 5 мин.
5. 10 мин.
2. Ауа инфекциясының алдын-алу шарасына жатпайды:
 1. операция жасайтын алаңын өңдеу
 2. бактерицидті лампа
 3. желдету
 4. бетперде тағу
 5. бахила, қалпақ кию
3. Операция жасайтын аймақты ... әдісімен залалсыздандырады.
 1. Гроссих-Филончик
 2. Лукашевич-Оберст
 3. Спасокукоцкий - Кочергин
 4. Альфельд
 5. Флюорбрингер
4. Химиялық және антибактериальді дәрі дәрмектерді жарадағы іріңмен күресу ... үшін қолданады.
 1. емдік-алдын алу
 2. иммуноды нығайту
 3. дезинтоксикацилау
 4. иммуноды қалыптастру
 5. детоксикацилау
5. Операция бөлімшесінде ... қолданылмайды.
 1. арнайы жинау
 2. таңертеңгілік жинау
 3. ағымды жинау
 4. күнделікті жұмыс соңында жинау
 5. отадан кейінгі жинау
6. Антисептика түріне жатпайды:
 1. термиялық
 2. механикалық
 3. физикалық
 4. химиялық
 5. биологиялық
7. Антисептиканың негізін қалаушы ғалым:
 - a. Д. Листер
 - b. М.Я. Преображенский
 - c. А.А. Чаруковский
 - d. Бергманн
 - e. Субботин
8. Антибиотиктерді қабылдаған кездегі болатын асқыну:
 1. дисбактериоз
 2. пневмония
 3. паротит
 4. плеврит
 5. перитонит
9. Протеолиттік фермент:
 1. Трипсин

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 5 беті |

2. Декарис
3. Тимолин
4. Ритмилен
5. Кевзол
10. Физикалық антисептика әдісі:
 1. жараны жуу, түтікшелеу
 2. жараны біріншілік хирургиялық өңдеу
 3. қан құю
 4. өлген тіндерді алып тастау
 5. антибиотиктерді енгізу

Жағдайлық есеп:

№1. Медбике іріңді операциядан кейін барлық құрал-саймандарды, скальпель, пышақ, тігіс және инъекция иелерін алдымен ағынды суда, кейін бір сағат сода ерітіндісінде қайнатты.

Медбикенің іс-әрекеті дұрыс па?

1. Тақырып № 2. Қан топтары. Резус-фактор. Қан құю.

2. Мақсаты: Трансфузиологиялардың жалпы мәселелері бойынша студенттердің өнер-білімін бекітіп кеңейту. Қан тобын және резус факторды анықтауға үйрету. Қан және қан алмастырушыларды құюға көрсеткіші және кері көрсеткіштерін айқындауға үйрету. Қан құюды әдісін түсіндіру. Қан құю барысында кездесетін түрлі асқынулар кезінде медициналық көмек көрсету дағдыларын жете меңгеруді үйрету

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуіге тиіс:


- Қан құюдың тарихы;
- Трансфузиология түсінігі;
- Қан құюдың көрсеткіштерімен керікөрсеткіштері;
- Құйған қанның әсер ету механизімі;
- АВ0 жүйесі бойынша қан топтары;
- Негізгі гемотрансфузиялық ерітінділер;
- Қан құюдан кейінгі болатын асқынулар.

Студент істей алуға тиіс:

- Тікелей қан құю әдісін;
- Биологиялық сыныманы жүргізу;
- Стандартты сары сумен және эритроцитпен қан тобын анықтау;
- Резус – факторды анықтау;
- Қан топтарының жеке сәйкестігін анықтау;
- Резус-фактордың сәйкестігін анықтау;
- Қан құюдан кейінгі болатын асқынулар кезінде алғашқы көмекті.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Қан құюдың тарихы;
- Трансфузиология түсінігі;
- Қан құюдың көрсеткіштерімен керікөрсеткіштері;
- қанның адам ағзасына әсері;
- Агглютинация, агглютинацияның түрлері, себептері;
- Тікелей қан құю тәсілдері;
- Негізгі гемотрансфузиялық ерітінділер;
- АВ0 жүйесі бойынша қан топтарын анықтау;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 6 беті |

• Қан құюдан кейінгі болатын асқынулар (гемотрансфузиялық реакция және гемотрансфузиялық асқынулар).

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Егу бөлмесінде жұмыс істеу; ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу, 1-2 клиникалық жағдайларды талқылау, шешу.


7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)

1. Қан тобы мен резус факторды кім ашқан?
2. Кім бірінші рет жануардың қанын адамға құйған?
3. Стандартты сары сумен және стандартты эритроцитпен қан тобын анықтау тәсілі қалай жүргізіледі?
4. Резус - факторды жай және экспрес тәсілімен анықтау қалай жүргізіледі? жүргізіледі?
5. Қан топтарының жеке сәйкестігімен резус-фактордың сәйкестігін қалай анықталады?
6. Биологиялық сынама тәсілін көрсетіңіз.
7. Қан бөлшектерін атаңыз.
8. Құйған қанның әсер ету механизімі қандай?
9. Қан құюдың қандай түрлерін білесіз?
10. Қан құюдың көрсеткіштерімен керікөрсеткіштерін білесіз
11. Қан құюдан кезіндегі болатын асқынулар білесіз.

Тест сұрақтары:

1. Қан құюға қарсы көрсеткіш:
 1. бауыр, бүйрек қызметтерінің ауыр бұзылыстары
 2. іріңді анемия
 3. жедел анемия
 4. ағзаның қарсы күресу күшінің төмендеуі
 5. қан кетуде
2. Артерия тамырына ... мм.сынап бағанасындағы қысымда құйылады.
 - a. 200
 - b. 100
 - c. 50
 - d. 300
 - e. 80
3. Стандартты сары судың титр көлеміне қатынасы:
 1. 1:32
 2. 1:30
 3. 1:20
 4. 1:25
 5. 1:64
4. Лимонды-қышқылды натрий ерітіндісімен өңделген құйылатын қанның сақталу мерзімі:
 1. 21 күн
 2. 5 күн
 3. 10 күн
 4. 14 күн
 5. 1 күн
 5. ... ауырған науқас донор бола алмайды.

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 7 беті |

1. вирусты гепатитпен
2. туа пайда болған буынның шығуымен
3. қыликөз
4. қисық аяқпен
5. гипертониялық аурудың I - II сатысымен
6. Қан құюдың абсолютті кері көрсеткіші:
 1. туберкулездің активті кезеңі
 2. темір жетіспеушілік анемия
 3. гемофилии
 4. цистит
 5. тымау
7. Жарақаттан ... өткеннен кейін реинфузия жүргізуге болмайды.
 1. 4 сағат
 2. 2- сағат
 3. 6- сағат
 4. 3-тәуләк
 5. 12- сағат
8. Цитратты шоктың алдын алу үшін ... енгізіледі.
 1. 10 % - кальций хлориді
 2. 4 % калия хлориді
 3. 10 % желатин ерітіндісі
 4. 0,5 % новокаин
 5. 5 % Вит С
9. Қан тобын анықтау үшін ... қолданылады.
 1. I,II,III топтың стандартты сары суы
 2. әмбебап моноклональді А антигені
 3. әмбебап антирезус сары суы
 4. I және II топ эритроциті
 5. I-III топты науқас сары суы
10. қанды құюға жарамсыз.
 1. гемолизиді
 2. консервіленген
 3. жаңа дайындалған
 4. 7 тәулік сақталған
 5. жаңа мұздатылған


Жағдайлық есеп:

Науқас хирургиялық бөлімшеге 12 елі ішектегі ойық жараның асқынған түрдегі қан кетуімен түсті. Жедел қан айналуының жетіспеушілігі – 35 пайызды құрайды. Жоғалған қан орнын толтыру үшін жедел түрде қан құю керек екені анықталды.

Гемотрансфузиясыз лабораториялық зерттеулер жүргізу керек пе?

1. Тақырып № 3. Жалпы және жергілікті жансыздандыру.

2. Мақсаты: Студенттердің жалпы анестезиология сұрақтары бойынша білімдерін дамыту және нығайту. Әртүрлі жансыздандыру түрлеріне көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін анықтауға, жансыздандыруды және анестетиктерді жеке дара таңдауға үйрету. Премедикацианы дұрыс қолдану. Наркоздың сатыларына байланысты клиникалық көріністерін анықтауды және әртүрлі асқыну жағдайларында реанимациялық көмек көрсетуді үйрету.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 8 беті |

Маскалық, интубациалық жансыздандыруды қолдану және адам ағзасына әсер етуін түсіндіру. Студенттерді жергілікті және новокаинды тежеулердің барлық түрлерімен таныстыру, жергілікті жансыздандырудың жасалу техникасын және асқынулары кезінде көмекті үйрету. Жергілікті жансыздандырудың негізгі әдістерін игеру.

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуге тиіс:

- Наркоздың клиникалық кезеңдерін;
- Жалпы наркоздың әдістері;
- Наркоздың теориялары;
- Наркотикалық дәрілердің әсері;
- Наркоздың асқынулары.
- Жергілікті жансыздандыру түрлері;
- Жергілікті жансыздандырудың көрсеткіштері мен кері көрсеткіштерін;
- Жергілікті жансыздандырудағы асқынулар.

Студент істей алуға тиіс:

- Науқасты наркозға дайындау;
- Наркозға қолднылатын аспаптарды дайындау;
- Интубация тәсілін меңгеру;
- Жалпы жансыздандыруға арналған наркозды аппаратты дайындау.
- Инфильтрациялы жансыздандыру техникасын;
- Тежеу техникасын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Анестезиология тарихы;
- Наркоз теориялары;
- Наркоз туралы түсініктем және түрлері;
- Ингаляциялы наркоздың түрлері және қолдану әдісі;
- Ингаляциялы дәрі дәрмектер;
- Наркоздың клиникалық кезеңдері;
- Анестезияның түрлеріне байланысты көрсеткіштері және қарсы көрсеткіштері;
- Нейролептаналгезия;
- Тамыр ішілік наркоз;
- Наркоздық аппарат;
- Наркоздың асқынулары.
- Жергілікті жансыздандырудың түрлері;
- Жергілікті жансыздандырудың көрсеткіші және кері көрсеткіші;
- Новокаинды тежеу.

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары (сабақ тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды игеру):

* АКС / дыбыссыз формула.

7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)

1. Жансыздандыруды кім және қашан ашты?


2. Жансыздандырудың қандай түрлерін білесіз?

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 9 беті |

3. Жалпы жансыздандырудың қандай артықшылығы мен кемшілігін білесіз?
4. Наркозға көрсетілім және кері көрсетілім қандай?
5. Премедикация қашан және қалай жүргізіледі?
6. Интубациялық және маскалық наркоз қалай жүргізіледі?
7. Наркоз теорияларын түсіндіріңіз
8. Ингаляциялы наркоздың түрлері және қолдану әдісі түсіндіріңіз
9. Ингаляциялы дәрі дәрілер атаңыз және мінездеме беріңіз.
10. Наркоздың клиникалық кезеңдері түсіндіріңіз.
11. Тамыр ішілік наркозды қолдану ережесін айтыңыз
12. Наркоздың асқынулары қандай болады?
13. Жергілікті жансыздандырудың қандай түрлерін білесіз?
14. Жергілікті жансыздандырудың көрсеткіші және кері көрсеткіші қандай?
15. Вишневский әдісі бойынша инфльтрациялық жансыздандыру қалай жасалады?
16. Жұлын-милы және, эпидуральды жансыздандыруға техникаын айтыңыз.
17. Новокаинды тежеу дегеніміз не, және жергілікті жансыздандырудан қандай айырмашылығы бар?
18. Новокаинды тежеу көрсеткіштерін атаңыз.

Тест сұрақтары:

1. Электрлі пышақты ... наркозда қолдануға болмайды.
 - a. хлорэтилі
 - b. оттекті азот тотығы
 - c. азот тотығы
 - d. фторатанді
 - e. циклопропанды
2. Ең алғаш рет эфирлік жансыздандыруды қолданған ғалым:
 - a. Мортон
 - b. Ларрей
 - c. Уэлс
 - d. Амбруаз Паре
 - e. Авиценна
3. Суықты жансыздандыруды алғаш рет ... қолданды.
 - a. Иноземцев
 - b. Караваев
 - c. Авиценна
 - d. Уэлс
 - e. Пирогов Н.И.
4. Қозу кезеңсіз өтетін наркоз түрі:
 - a. базис-наркоз
 - b. тері асты наркоз
 - c. ингаляциялы наркоз
 - d. нейтролептанальгезия
 - e. кіріспе наркоз
5. Интубация маңызды жағдай:
 - a. гипервентиляция
 - b. бұлшық еттердің толық релаксациясы
 - c. есінің тануы
 - d. асқазан сүнгісінің болуы
 - e. құсықпен тығындануы

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 10 беті |

6. Дәстүрлі премедикацияда қолданылатын препарат:

1. промедол, фентанил
2. гексанал, тиопентал-натрий
3. метацин, кардиамин
4. строфантин, кориликон
5. кальция глюконат, кальция хлорид
7. Гемотрансфузиялық шок жағдайында ... тежеу қолданады.

1. паранефральді
2. вагосимпатикалық
3. Л.Г.Школьниковты
4. футлярлы
5. күрсақ ішілік нертік
8. Суықты жансыздандыруды алғаш рет ... қолданды.

1. Иноземцев
2. Караваев
3. Авиценна
4. Уэлс
5. Пирогов Н.И.

9. Өткізгішті жансыздандыруда ... ерітіндісі қолданылады.

1. 1 - 2 % новокаин
2. 0,25 % новокаин
3. 0,5 % новокаин
4. анальгин
5. совкаин

10. Жергілікті жансыздандыруда жиі қолданатын анестетик:

1. новокаин
2. тримекаин
3. лидокаин
4. совкаин
5. кокаин

Жағдайлық есеп:

1. Хирургиялық бөлімнің қабылдауына сол жақ жамбастағы кең көлемді жарамен және ауыр дәрежедегі қансыраумен науқас жеткізілді. Тез арада науқастағы қансырауды тоқтату керек.

Хирург қандай тәсілмен жансыздандыру керек?

2. 68 жасар ер кісі оң аяғындағы жіліншіктің 3/1 бөлігінде жыртылған жарасымен (өлшемі 1,5x8,0 см.) қабылдауға келді. Жара шеті некроздалған, қансырап, айналасы ауырсынады.

Жара спирттік ерітіндімен залалсыздандырылып, кептірілді, сосын 0,5% новокаин ерітіндісімен жараның іш жағынан жансыздандырды.

Жансыздандыру кезінде қандай қателіктер жіберді?

1. Тақырып № 4. Жіті жергілікті хирургиялық инфекция.

2. Мақсаты: Студенттерді хирургиялық, инфекциялық ерекшелігімен түрімен және іріңді инфекциялық науқастарды көрсету (фурункул, шикан, абцесс, флегмона, мастит, күбіртке, поропроктит, тілме және т.б.) Іріңді инфекция көріністерін ажыратуды, хирургиялық емдеуді үйрету. Іріңді инфекциялық қабыну ауруларын алдын алу шараларымен таныстыру.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 11 беті |

3. Оқыту міндеттері:

Студент білу керек:

- Іріңді инфекция этиологиясы, патогенезін;
- Іріңді инфекцияның қауіптілігі мен асқынуын
- Іріңді инфекцияның алдын алуды
- Іріңді инфекцияны кешенді емдеуді.

Студент істей алуы керек:

- Перкуссия, пальпация, аускультация;
- Теріні және операциялық аланды өңдеу;
- Жергілікті жансыздандыру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Іріңді инфекция этиологиясы, патогенезі;
- Іріңді инфекция жіктелуі, патолого-анатомиялық суреттемесі;
- Клиникалық ағымы;
- Диагностика, дифференциальді диагностика;
- Консервативті, оперативті емдерінің негізгі принциптері;
- Антибиотиктерді қолдану;

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Төсектегі науқаспен жұмыс істеу, ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу, 1-2 клиникалық жағдайларды талқылау, шешу


7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)


1. Хирургиялық инфекциялардың қандай түрлерін білесіз?
2. Әртүрлі хирургиялық қабыну, ауруларының қандай ажырату ерекшеліктерін білесіз?
3. Хирургиялық инфекцияның қабыну аурулары кезінде қолданылатын қандай диагностикалық іс-шараларды білесіз?
4. Хирургиялық инфекцияларды болдырмау мақсатында қолданылатын қандай алдын-алу іс-шараларды білесіз?
5. Хирургиялық инфекциялық қабыну аурулары бар науқастарды күту барысында қандай ерекшеліктерді білесіз?
6. Іріңді хирургиялық қабынуға нелер жатады?
7. Хирургиялық инфекция немен асқынуы болуы мүмкін?
8. Консервативті, оперативті емдерінің негізгі принциптері айтыңыз.

Тест сұрақтары:

1. Флегмона белгісіне тән емес:
 1. қапшықпен қапталған іріңді қуыс
 2. дене қызуының жоғарлауы
 3. шектелген ауырсыну
 4. шектелген тері гиперемиясы
 5. ортасы жұмсарған ауырсынулы инфильтрат
2. Беткей іріңді тромбофлебитке тән емес:
 1. кезектескен ақсаңдау
 2. аяқ ісігі
 3. тамыр бойында тромбтың пайда болуы

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 12 беті |

4. ден температурасы 37-37,5 С
5. тері цианозы
3. Абсцесстің радикальді емі:
 1. абсцессті ашу және түтікшелеу
 2. абсцесс қуысын пункциялау
 3. инфузиялық және дезинтоксикациялық терапия
 4. абсцесс аймағын антибиотиктермен шаншу
 5. физиотерапиялық шаралар
4. Ірінді плеврит диагностикасы дәлелденеді:
 1. плевральды пункция арқылы іріндікті алу
 2. қабынған бөліктің аускультацияда тыныстың әлсіз естілуі
 3. перкуссияда дыбыстың тұйықталуы
 4. рентгеноскопияда өкпе тіндерінің айқындалуы
 5. пальпацияда дауыс дірілінің болмауы
5. Ылғалды гангрены құрғақ гангренаға айналдыру үшін ... қажет.
 1. жергілікті жансыздандыру арқылы "лампасты" тілік жасап, жақпа майын жағып, УКС емі
 2. инфекциямен күресу, алдын алу
 3. қан айналымын жақсарту
 4. жараны УКС емдеу
 5. спиртті таңу
6. Хирургиялық сепсисің пайда болуына себеп бола алмайды:
 1. жабық сынықтар
 2. терең күйік
 3. перитонит
 4. бетте орналасқан сом
 5. мыжылған жара
7. Сепсисің клиникалық жіктелуіне тән емес:
 1. жарақатты
 2. жіті
 3. кенеттен
 4. қайталанбалы
 5. криптогенді
8. Сепсисің еміне тән емес:
 1. гипертоникалық ерітіндіні, сұйықтықты шектеу
 2. іріндікті ашу
 3. антибиотиктерді енгізу
 4. қан құю
 5. витаминді терапия
9. Сепсисің маңызды емі:
 1. біріншілік ошақты жою
 2. қатаң тосекті режим
 3. анамнезін нақты жинау
 4. қосалқы ауруларын емдеу
 5. тұқым қуалаушы факторларын анықтау
10. Сепсиске тән емес:
 1. анурия
 2. тахикардия
 3. лейкоцитоз

| | |
|---|--|
| O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 13 беті |

4. дене температурсының көтерілуі

5. ірінді ошақ

Жағдайлық есеп:

Қабылдау бөліміне оң аяғының ауырғанына шағымданып 9 жасар бала түсті. Екі аптадан бері ауырады, үйде емделген. Жағдайы нашарлап, стационарға емделуге келді. Кешкісін дене қызуы 40⁰ С-қа дейін көтеріледі. Өкпесін тыңдағанда, біркелкі ылғалды және құрғақ дыбыс естіеді. Бауыры, көк бауыры ұлғаймаған. Оң жақ санының төменгі үшінші бөлігі терісі ісінген, қызарған, бірден ауырады. Тізе буыны көлемді ұлғайған, аяғы жартылай бүгілген. 3 апта бұрын партаға оң жақ санын ұрып алған.

Сіздің диагнозыңыз? Қабылдау бөлімінде қандай тексерулер жүргізу керек? Сіздің емдеу іс-әрекетіңіз?

1. Тақырып № 5. Ашық механикалық жарақаттар

2. Мақсаты: Студенттерге ашық механикалық зақымданулар, жаралар туралы түсініктер беру. Ашық механикалық зақымданулар, жаралардың жалпы сұрақтары бойынша білімдерін дамытумен кеңейту. Оқушыларды әртүрлі жарақаттар кезінде, ашық механикалық зақымданулар, жаралар кездерінде жасалатын әртүрлі іс шараларды жасауға дайындауды, жарақаттар кезінде, ашық механикалық зақымданулар, жаралар кездерінде алғашқы көмек көрсетуді үйрету. Түрлі жарақаттар, ашық механикалық зақымданулар, жаралар кезінде дамитын асқынулармен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуге тиіс:

- жара сипаттамасы, кан кетуді тоқтату
- жара ағымының процесі
- жара инфекциясы
- жараның жазылуы, қаупін
- күйік түсінігін;
- күйіктің клиникалық ағымын;
- күйік ауырлығының болжамы;
- күйіктің жергілікті және хирургиялық емі.
- үсік тердіңнің және көлемін бағалау;
- адам ағзасына суықттың әсері;
- үсіктің ауырлығының болжамы;
- үсіктің жергілікті және хирургиялық емі.

Студент істей алуға тиіс:

- жаралану кезіндегі алғашқы медициналық көмек
- жараның алғашқы хирургиялық өңдеуі
- ірінді жараны жуу
- операция жасайтын жерді өңдеу
- күйіктің көлемін анықтауды;
- күйіктің дәрежесін анықтауды;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуді;
- жүрекке әсер ететін және ауырсынуды басатын дәрмектерді енгізуді;
- бжхе жасауды.
- үсік кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсетуді;
- жүрекке әсер ететін және ауырсынуды басатын дәрмектерді енгізуді;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 14 беті |

- некроэктомия және некротомияның жасалуын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Ашық механикалық зақымданулардың түрлері.
- Кесілген жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Шаншылған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Шабылған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Тістелген жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Атылған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Жыртылған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Мыжылған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Уланған жараның ерекшелік клиникалық белгілері.
- Ашық механикалық зақымданулардың, жаралардың диагностикасы және диф.диагностикасы.
- Ашық механикалық зақымданулар, жаралар кездерінде алғашқы көмек көрсету дағдылары.
- Ашық механикалық зақымданулардың, жаралардың заманауи кешенді емі.

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Төсектегі науқаспен жұмыс, муляжбен, манекенмен және басқа да күтуге арналған заттармен жұмыс істеу; ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу, 1-2 клиникалық жағдайларды талқылау, шешу.

7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)

1. *Жара дегеніміз не?*
2. *Клиникалық көрінісі қандай?*
3. *Жара жіктелуі қандай?*
4. *Жарақатты инфекция дегеніміз не?*
5. *Жарақатты процесс қалайша өтеді?*
6. *Жарақатты процесстың 1 фазасының ағымы қандай?*
7. *Жарақатты процесстың 2 фазасының ағымы қандай?*
8. *Жараның жазылуы түрлері қандай?*


Тест сұрақтары:

1. Жаңа жарақатқа тән емес:

1. бұлшықеттердің тартылуы
2. ауырсынуы
3. қансырауы
4. жараның ашылуы
5. жараның ашылуы, қансырауы
2. Жарадағы ауырсыну интенсивтілігі ... байланысты.
 1. жарақаттаушы снаряд көлеміне және жылдамдығына
 2. зақымдалу аймағындағы нервтің санына
 3. жәбірленушінің нервтік-психикалық жағдайына
 4. жарақаттаудың жылдамдығына
 5. жарақаттаушы снарядтың өткірлігіне

3. Тесіп өткен атылған жарада, оқтың шыққан жерінен кірген жерінің үлкен болуы ... салдарынан дамиды.

1. жақын жерден ату

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 15 беті |

2. алыс жерден ату
3. қылышпен зақымдау
4. жарықшақ (осколка) тию
5. садақ жебесінен зақымдау
4. Жараның ластануына байланысты ... болып бөлінеді.
 1. асептикалық, жаңа инфекцияланған, ірінді
 2. асептикалық, тістелген, ірінді
 3. уланған, жаңа инфекцияланған, ірінді
 4. асептикалық, жаңа инфекцияланған, жұқтырылған
 5. қансыраған, жаңа инфекцияланған, ірінді
5. Кұрсақ құысына енген жара деп ... жарақаттануын айтады.
 1. париетальды қабаттың
 2. терінің
 3. апаневроздың
 4. бұлшық еттің
 5. май қабатының
6. Жараның ашылу дәрежесі ... байланысты.
 1. эластикалық тері талшықтары, бұлшықеттермен сіңірлердің зақымдалуына
 2. зақымдалудың тереңдігіне
 3. нерв талшықтарының зақымдалуына
 4. фасцияның зақымдалуына
 5. бұлшықеттер мен сіңірлердің зақымдалуына
7. Біріншілік бітуге бейім, ... жара.
 1. кесілген
 2. мыжылған
 3. соғылған
 4. тістелген
 5. шабылған
8. Жарада инфекция дамуына ... әсер етпейді.
 1. шок
 2. гематома
 3. қан кету
 4. бөгде заттар
5. жүдеу, авитаминоз
9. Жараның түйіршіктеніп бітуі алты қабаттан тұрады, соның төртінші қабаты:
 1. жетілуші (созревающи)
 2. лейкоцитті-некротикалық
 3. көлденең қан тамырлы
 4. қан тамырлы шоғырлану
 5. қиғаш фибробластты
10. Атылған жарада ... аймағынан басқа барлық аймақтардың зақымдалуы анықталады.
 1. қабыну
 2. жарақаттану каналы
 3. молекулярлық шайқалу
 4. біріншілік некроз
 5. қанталау

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 16 беті |

Жағдайлық есеп:

Ағаштан құлап және қатты заттан соққы алудың нәтижесінде зардап шегушінің сол жақ сирағының сыртқы беткейінде өлшемі 5x8 см, дұрыс емес формадағы, тегіс емес шекарасы бар жара пайда болды. Жараның түбінде баяу қансыраумен бұлшықеттің бөлшектенуі бар.

Мұндай жара жараның қай түріне жатады және жара процесінің барысында қандай асқынулар болуы мүмкін?

1. Тақырып № 6. Жабық механикалық зақымдалулар Десмургия. Транспортировка.

2. Мақсаты: Оқушыларды жарақаттар кезінде, жабық механикалық зақымданулар, соғылу, созылу, буындардың шығуы, сынықтар кездерінде тасымалдау иммобилизациясын орындауға үйрету. Жарақаттар, жабық механикалық зақымданулар, соғылу, созылу, буындардың шығуы, сынықтар кездерінде көмек көрсетуді үйрету. Оқушыларды науқас жағдайының ауырлығын анықтап, бағалауға үйрету. Жұмсақ таңғыштарды таңу ережелерін меңгеру. Таңғыш материалдарына талап етілетін негізін оқыту. Жекеленген таңғыш қабшығын, қатты және жұмсақ таңғыштарының техникалық дағдыларды меңгеру.

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуге тиіс:

- Жарақат түсінігін;
- Сынықпен буын шығудың клиникалық ағымын;
- Ауырлығының болжамы;
- Жергілікті және хирургиялық емі.
- Таңғышты таңу ережесін;
- Жұмсақ таңғыш түрлерін;
- Таңғыш сапасын анықтауды.

Студент істей алуға тиіс:

- Сынықтың түрін анықтауды;
- Алғашқы медициналық көмек көрсетуді;
- Жүрекке әсер ететін және ауырсынуды басатын дәрмектерді енгізуді;
- БЖХЕ жасауды.
- Басқа таңғыш қоюды;
- Бір және екі көзге таңғыш қоюды;
- Жаулық таңғыш қоюды;
- Циркулярлы, бидайтәріздес, спираль тәрізді таңғыш қоюды;
- Кеудеге, сүт безіне таңғыш қоюды;
- Шап арасына таңғыш қоюды;
- ДЕЗО таңғышын қоюды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Сынық түсінігі;
- Сынықтың жіктелуі;
- Сынықтың ауыртпалығын анықтау;
- Клиникалық ағымын;
- Сынықпен буын шығуының диагностикасы;
- Алғашқы көмек көрсету;
- Жергілікті және хирургиялық емі.
- Дененің анатомия - физиологиялық ерекшеліктері;
- Десмургия түсінігі;

| | | |
|--|--|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 17 беті |

- Жұмсақ және қатты таңғыш түрлері;
- Таңғыштарды салу техникасы.

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Төсектегі науқаспен жұмыс, муляжбен, манекенмен және басқа да күтуге арналған заттармен жұмыс істеу; ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу, 1-2 клиникалық жағдайларды талқылау, шешу, рентгенограмманы т.б. көрсету, талқылау.

7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)

1. *Жабық механикалық зақымданулардың қандай түрлерін білесіздер?*
2. *Сынықтың қандай ерекшелік клиникалық белгілерін білесіздер?*
3. *Әртүрлі жабық зақымданулардың диагностикасы және диф.диагностикасы кездерінде жасалатын қандай зерттеулерді білесіздер?*
4. *Жабық зақымданулар кезінде көрсетілетін алғашқы көмектің көлемі қандай?*
5. *Әртүрлі жабық зақымданулар кездерінде жасалатын тасымалдау құрсауының қандай ерекшеліктерін білесіздер?*
6. *Соғылудың, созылудың, буын шығуының және сынықтың заманауи кешенді емінің амалдары қандай?*
7. *Десмургия дегеніміз не?*
8. *Баламдарды таңу ережесі қандай?*
9. *Таңу түрлерін атаңыз.*
10. *Спираль тәрізді таңғыштың қандай түрлері бар?*
11. *Гипократ және чепец таңғышы қалай салынады және қандай айырмашылықтары бар?*
12. *Мұрынга және иекке таңғышты қалай салады?*
13. *Дезо және Вельпо таңғышы қандай жарақаттарда қолданады?*
14. *Сүт безіне салынатын таңғыштың таңу техникасын көрсетіңіз.*

Тест сұрақтары:

1. Жиі кездесетін буынның шығуы:


1. иық
2. төменгі жақ
3. бұғана
4. жамбас
5. тізе тобық буыны

2. Шығудың этиологиялық белгілеріне жатпайды:

1. толық шығу
2. жарақаттық
3. біріншілік
4. туа пайда болған
5. патологиялық

3. Туа пайда болған буынның шығу ... жиі кездеседі.

1. жамбас сан буынында
2. иықта
3. шынтакта
4. шыбық білезік буыны
5. 1-ші саусақтың негізгі фалангасы

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 18 беті |

4. Ұманы ұстап тұратын таңғыш түрі:

1. суспензиялы
2. масақ тәрізді
3. сақпанша тәріздес
4. сырғымалы
5. шеңберлі

5. Айналмалы таңғыш:

1. салынған орамдар бір-біріне тимей тұруы
2. келесі орамы алдыңғы орамның 1/2 жабады
3. келесі орамы алдыңғы орамның 3/4 жабады
4. келесі орам алдыңғы орамнан бинттің еніндей қалыңқы орналасады
5. келесі орамы алдыңғы орамды толық жабады

6. Тығын таңғышы ... қолданады.

1. ашық пневмоторакста
2. сан жілігі сынығында
3. капиллярлы қан кетуде
4. венозды қан кетуде
5. артериальді қан кетуде
7. Сан сүйегі сынығының операциясынан кейін ... гипісті таңғыш салынады.

1. терзелі
2. лангетті
3. айналмалы
4. лангетті-айналмалы
5. корсетті

8. Сынық кезіндегі сүйектің ығысуының себебі:

1. бұлшықеттердің жиырылуы
2. сүйек буын қапшағының жарақаттануы
3. остеомиелиттің салдарынан
4. бұлшықет жарақатынан
5. сіңірдің жарақатынан

9. Сүйектің репозиция түрі:

1. бірмезетті
2. кейінге қалдырылған
3. кештік
4. ертелік
5. уақытшалық

10. Сүйек жарқыншағынын дұрыс қалпында болғанда, иммобилизациялау әдісі:

1. гипісті байлам
2. қаңқалы тарту
3. ортопедиялық аяқ-киім
4. дәкелік таңу
5. тасымалдау құрсауы

Жағдайлық есеп:

1. Оқиға орын алған жерде науқасты қарау барысында жедел жәрдем дәрігері оң жақ санының сынғандығын анықтады. Жарақатқа транспорттық шина салып, науқасты травматология бөліміне жеткізді.

Дәрігер толық жәрдем көрсетті ме?

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 19 беті |

2. Қабылдау бөліміне 34 жасар ер кісі оң қол білектің ішкі жағының 3/1 бөлігінің жарақатымен түсті. Жәбірленушінің айтуы бойынша, 1,5 сағат бұрын көшеде танымайтын біреу пышақ салған.

Жарақатты тексеріп, біріншілік тігіс салынды. Мейірбике жарақатқа асптикалық таңғыш салып, жара үстін бинтпен орап байлады. Осыдан кейін тері астына 0,5 мл сіреспеге қарсы анатоксин және 3000 МЕ сіреспеге қарсы сары су енгізді.

Таңу барысында қандай қателіктер жіберді?

1. Тақырып № 7. Хирургиялық операция. Операция алды және кейінгі кезеңдер.

2. Мақсаты: Студенттерді науқастарды аспапты тексеруін үйрету, әртүрлі хирургиялық операция қажет ететін науқастарды дайындау. Операциялық қауіпін түсіндіру. Операциялық қалыпты, көздеуді түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері:

Студент білуі тиіс:

- Операция түсінігін;
- Операция түрлері және этаптары;
- Операция көрсеткішін және қарсы көрсеткішін;
- Науқасты операцияға дайындау.

Студент істей білуі тиіс:

- Операция жасайтын аймақты, қолды өңдеуді;
- Тасымалдау ережесін;
- Қажетті аспаптарды талдау;
- Перкуссия, пальпация, аускультация.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Операция түсінігі;
- Операция түрлері және этаптары;
- Операция көрсеткішін және қарсы көрсеткішін;
- Науқасты операцияға дайындау;
- Операциялық қалып;
- Оперативті көздеу, іс - әрекет.

5. Пәнді соңғы оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:

* Сабақтың тақырыбын талқылау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды меңгеру.

6. Бағалау әдістері / технологиялары Науқасты курациялау, төсектегі науқаспен жұмыс істеу, ауызша сұрау, жағдайлық есептер шығару, жағдайларды үлгілеу, 1-2 клиникалық жағдайларды талқылау.

7. Әдебиет (негізгі және қосымша): силлабуста көрсетілген

8. Бақылау сұрақтары: (тесттер, жағдайлық есептер ұсынылады)


1. Операция ұғымы нені білдіреді?
2. Операция жеделділігін анықтаңыз.
3. Операцияның қандай түрелін білесіз?
4. Радикальді операциямен полиативті операцияның айырмашығы қандай?
5. Типті және атипті операция түрін ажыратыңыз?
6. Операциялық қалыпты қандай?

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | | 24 беттің 20 беті |

7. Жоспарлы операцияға науқасты қалай дайындайды?
8. Шұғыл операцияға науқасты қалай дайындайды?
9. Жедел операцияның көрсеткіштерімен кері көрсеткіштері?

Тест сұрақтары:

1. Шұғыл отау көрсеткіші тән емес:
 - a. құрғақ гангрена
 - b. би спецификалы гангрена
 - c. ылғалды гангрена
 - d. спецификалы гангрена
 - e. диабетті гангрена
2. Аппендоэктомияға отау алды дайындыққа тән емес:
 1. тазалау клизмасы
 2. психологиялық дайындау
 3. примедикация
 4. отау жасайтын жерді тазалау
 5. түктерді қыру
3. Операциядан кейінгі болатын тромбоэмболикалық асқынуына себеп бола алмайды:
 1. жараның аурсынуы
 2. кан кету
 3. гематома
 4. инфильтрат
 5. эвентерация
4. Лапаротмиядан кейінгі жараны ашылуына себеп бола алмайды:
 1. массивті инфузиялық терапия
 2. іш қуысының жоғарғы қысымы
 3. гематома
 4. жараның іріндеуі
 5. апоневроздың әлсін тігілуі
5. Отаудан кейінгі метеоризм кезінде ... болмайды.
 1. спазмолитиктерді қолдануға
 2. перистальтиканы қоздыру ерітінділерін тағайындауға
 3. асқазанды жууға
 4. ішекті гипертониялық ерітіндімен тазалауға
 5. газ шығаратын түтікше қоюға
6. Операциядан кейінгі ерте өкпе асқынуына тән емес:
 1. бронхоэктатикалық ауру
 2. асфиксия
 3. бронхит
 4. ателектаз
 5. пневмония
7. Операциядан кейінгі зәрдің жіті кідіруі кезінде жасалынбайтын шара:
 1. зәр айдайтын дәрі-дәрмектер беру
 2. спазмолитиктер беру
 3. паранефральды новокаинды тежеу
 4. эпицистостоманы қою
 5. қуықты катетерлеу
8. Отау кезеңдеріне (этап) тән емес:
 1. наркоздан шығуы

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургия» кафедрасы | 44 / 11 () |
| «Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 24 беттің 21 беті |

2. операцияның бітуі
3. операциялық іс-әрекет
4. операция аланды тазалап, жансыздандыру
5. операция қалпы
9. Операциядан кейінгі кезеңде зәрдің тежелуінде дәрігердің іс-әрекеті:
 1. катетермен зәрді шығару
 2. қуыққа пункция жасау
 3. паранефральді новокаинді тежеу, бүйірек диатермиясы
 4. қуық үстін жылыту
 5. тік ішекті клизма арқылы тазарту
10. Перитонитке күмән туғанда диагнозды тұжырымдау үшін міндетті түрде ... қажет.
 - a. жедел лапароскопия жасалу
 - b. қанмен зәрдің жалпы клиникалық анализі алыну
 - c. 1 сағаттан соң қайта тексеру
 - d. іш құрсағын жалпы рентгеноскопия жасалу
 - e. УДЗ жасалу

Жағдайлық есеп:

75 жастағы М., атты науқас соқыр ішек операциясынан кейін наркозда жатқан. 15 минуттан кейін науқас кенеттен көгерген. Тынысы сиреген, үзіліспен.

Науқаста операциядан кейін қандай асқыну болды? Сіздің іс-әрекетіңіз?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

«Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

44 / 11 ()

24 беттің 22 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

«Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

44 / 11 ()

24 беттің 23 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

«Жалпы хирургия» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

44 / 11 ()

24 беттің 24 беті